

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен

БЕКІТІЛДІ

« 17 » *сәуір* 2020 ж. № *1* хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы
С. А. Ахмедьяров



**6B02124 «КИНОТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН
ТАЛАПТАРЫ**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Өнертану»	6B02124 «Кинотану»	Қазақ	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

«Кинотану» білім беру бағдарламасы:

- кино тарихшыларды;
- киносыншыларды;
- кино зерттеушілерін;
- кино-, бейне-, телестудиялар және басқа да кино ұйымдарының редакторларын;
- лицейлердің, колледждердің, жоғары оқу орындарының кинопедагогтарын дайындайды.

«Кинотану» білім беру бағдарламасының негізгі пәндері: қазақ киносының тарихы, әлемдік кино тарихы, ТМД киносының тарихы, кино теориясы, киносыны, деректі кино тарихы, анимациялық кино тарихы, фильм көру және талқылау, т.б.

Студенттер сондай-ақ әдеби редакциялау мен баспа ісінің негіздерін, сценарий мен фильмді редакциялауды, кинодраматургия, кинорежиссура, кинооператорлық шеберлік негіздерін, бейнелеу өнерінің тарихын, фильмнің бейнелеу шешімін түсініп, шығармашылық психологиясын және кино әлеуметтануын, фильмтану (кино архив), теледидар тарихы мен практикасын зерделейді.

«Кинотану» мамандығына түсушілер үшін «Өнертану» кафедрасы жыл бойы және шығармашылық емтихандарға дайындық кезеңінде консультациялар өткізеді. Консультацияның мақсаты – қабылдау шарттарымен таныстыру, осы мамандыққа түскісі келетіндердің қабілеті мен дайындық деңгейін анықтау. Консультация барысында талапкердің таңдаған мамандығын игеру мүмкіндігіне қатысты ұсыныстар беріледі.

Шығармашылық емтихандар:

1. Бірінші шығармашылық емтихан (фильм көру және рецензия жазу; уақыты – 5 сағат)
2. Екінші шығармашылық емтихан (ауызша; билет сұрақтары бойынша)

Бірінші шығармашылық емтиханға (фильм көру және рецензия жазу) қойылатын талаптар:

Бірінші шығармашылық емтиханда талапкерлер фильм көріп, оған рецензия жазады. Рецензияда талапкер фильмнің идеясы мен драматургиялық құрылымының ерекшеліктері туралы түсінігін ашуға тырысуы керек. Сондай-ақ, актерлердің ойынын, суретшінің, оператордың жұмысын және т.б. түсіну және бағалау қабілетін көрсетуі тиіс.

Екінші шығармашылық емтиханға (ауызша - билеттер бойынша) қойылатын талаптар:

Емтихан билеттерінде қазақ киносының тарихы, әлемдік және отандық кино өнерінің бүгінгі жағдайы, әлем және қазақ киносының белгілі шеберлерінің, заманауи режиссерлер мен актерлердің, кинодраматургтердің шығармашылығы бойынша сұрақтар қамтылады. Сондай-ақ, талапкердің жеке қасиетін, қабілетін және жалпы мәдени деңгейін анықтау, ұлттық киноның қазіргі өмірі туралы қаншалықты хабардар екенін білу үшін қосымша сұрақтар қойылады. Емтихан кезінде талапкердің дүниетанымына, оның таңдаған мамандығының эстетикалық және әлеуметтік рөлі туралы идеяларына көңіл бөлінеді.

- Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан
45-50	Рецензияның абсолютті сауатты жазылуы; жоғары деңгейдегі сыни ойлау қабілетін көрсету; фильмнің идеясы мен тақырыбы, драматургиялық құрылымы, сахналары, детальдары, т.б. туралы терең әрі толық талдау жасау; кино терминдері мен әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана білу.	45-50	Билеттің барлық сұрағына толығымен өте жақсы жауап беру, кино және өзге өнер түрлерінің материалын толық, өте жақсы меңгеру, білімі мен талабын, шығармашылық қабілетін жан-жақты көрсету, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен жетік таныс болу, ойын анық, сенімді, жүйелі жеткізе білу.
40-44	Рецензияның сауатты жазылуы; сыни ойлау қабілетінің болуы; фильмнің идеясы мен тақырыбы, драматургиялық құрылымы, кейбір сахналары, детальдары т.б. туралы терең талдау жасалып, мәтіннің қалған бөлігін сюжетті баяндаумен толықтыру; кино терминдерін дұрыс қолдана білу.	40-44	Билет сұрақтарына жақсы жауап беру, кино саласының маңызды тұстарын жақсы меңгеру, білімі мен талабын көрсету, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен жақсы таныс болу, ойын анық, сенімді, жүйелі жеткізе білу.
35-39	Рецензияның басым бөлігі сюжеттік баяндаудан құрылуы; фильмнің идеясы мен тақырыбы, драматургиялық құрылымы, кейбір сахналары, детальдары т.б. туралы талдау жасау. Рецензияны сауатты жазып шығу.	35-39	Билет сұрақтарына орташа деңгейде жауап беру, кино саласының маңызды тұстарын меңгеру деңгейінің жақсы болуы, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде кейбір олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен таныс болу, ойын анық жеткізе білу.
30-34	Рецензияның басым бөлігі сюжеттік баяндаудан құрылуы; фильмнің идеясы мен тақырыбы, драматургиялық құрылымы, сахналары, детальдары, т.б. туралы талдаудың кемшіндігі; рецензияда кейбір грамматикалық, стилистикалық қателердің кездесуі.	30-34	Билет сұрақтарына жауап беру (бірақ толық емес), кино саласының материалын меңгеру деңгейінің орташа болуы, білімі мен талабына қатысты сұрақтарға жауап беруде кейбір олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен таныс (бірақ жеткілікті деңгейде емес), ойын анық жеткізе білу.
25-29	Рецензияның басым бөлігі сюжеттік баяндаудан құрылуы; кейбір сахналардың драматургиялық құрылымы, детальдары, т.б. туралы талдаудың аздығы; грамматикалық, стилистикалық қателіктердің кездесуі.	25-29	Билет сұрақтарына жауаптың толық болмауы, кино саласының материалын меңгеру деңгейінің орташа болуы, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде біраз олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиетімен таныстығының жеткіліксіз болуы.

20-24	Рецензияның тұтас-сюжеттік баяндаудан құрылуы; фильмді талдау қабілеті мен білімі, талабының жеткіліксіздігі; біраз грамматикалық, стилистикалық қателіктердің жіберілуі.	20-24	Билет сұрақтарының кейбіріне ғана жауап беру (онда да толық емес), кино саласының материалын меңгеру деңгейінің орташа болуы, біліміне қатысты сұрақтарға жауап беруде елеулі олқылықтардың болуы, қазақ және әлем әдебиетіне қатысты сұрақтарға жауап бере алмау.
15-19	Рецензия жазу дағдысының төмендігі; кино өнері бойынша түсінігінің, фильмді талдау қабілеті мен білімінің, талабының жеткіліксіздігі; грамматикалық, стилистикалық қателіктердің көп болуы.	15-19	Билет сұрақтарына жауап бере алмау, кино саласының материалын меңгеру деңгейінің ортадан төмен болуы, қабілеті мен білімін, талабын толық көрсете алмау, ойын жүйелі жеткізе алмау.
10-14	Рецензия жазудағы елеулі қателіктердің көп болуы; кино өнері бойынша түсінігінің төмендігі; фильмді талдау қабілеті мен білімін, талабын көрсете алмауы.	10-14	Билет сұрақтарына мүлдем жауап бере алмау, кино саласы бойынша білімінің төмендігі, қабілеті мен талабын көрсете алмау, сұрақтарға жауап беру барысында елеулі қателіктер жіберу, ойын жеткізе алмау.
5-9	Рецензия жазу дағдысының мүлдем болмауы; кино өнері бойынша түсінігінің төмендігі; фильмді талдау қабілеті мен білімін, талабын көрсете алмауы. Жазу тәсілін игермеуі.	5-9	Билет сұрақтарына жауап бере алмау, мамандық бойынша таным-түсінігінің мүлдем жоқ болуы, қабілеті мен білімін, талабын көрсете алмау, қойылған сұрақтарға жауап бере алмау, ойын жүйелі жеткізу қабілетінің болмауы.
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Емтиханнан өтпейді

Байланыс ақпараты:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: 2026-onertanu@mail.ru
Жалпы оқуға түсу бойынша сұрақтар: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович



Кафедра меңгерушісі: Жекибаева Жазира Женисовна

